

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 94 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА № 94» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

№79

ПРИКАЗ

«25» тамыз 2025 ж.

Жанқожа батыр ауылы

Село Жанқожа батыр

**Педагог қызметкерлерге біліктілік санатын беру және қолданыстағы
біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы**

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 25.02.2025 № 32 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. №94 орта мектептің аттестаттау комиссиясының 2025 жылдың 20 маусым күнгі №1 шешіміне сәйкес №94 орта мектептің қосымша білім беру педагогы **Құрманәлі Бағила Қуантқанқызына** қосымша білім беру педагогы лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санаты берілсін.
2. №94 орта мектептің аттестаттау комиссиясының 2025 жылдың 20 маусым күнгі №1 шешіміне сәйкес №94 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі **Ахметова Молдир Жанабаевнаға** тарих пәнінің мұғалімі лауазымы бойынша «педагог» біліктілік санаты берілсін.
3. Облыстық білім басқармасының 2024 жылдың 05 қараша күнгі №20-1-20-7/7450 санды хатына сәйкес №94 орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі **Қожаниязов Алпамыс Сагындыковичке** аудандық білім бөлімінің 10.11.2020 №80 бұйрығына сәйкес берілген қолданыстағы педагог-сарапшы біліктілік санатының қолданылу мерзімі 2026 жылдың 31 тамызына дейін ұзартылсын.
4. Облыстық білім басқармасының 2024 жылдың 05 қараша күнгі №20-1-20-7/7450 санды хатына сәйкес №94 орта мектептің технология пәнінің мұғалімі **Асанов Нұрлан Ерболатовичке** аудандық білім бөлімінің 21.12.2020 №57 бұйрығына сәйкес берілген қолданыстағы педагог-сарапшы

біліктілік санатының қолданылу мерзімі 2026 жылдың 31 тамызына дейін ұзартылсын.

5. Облыстық білім басқармасының 2024 жылдың 05 қараша күнгі №20-1-20-7/7450 санды хатына сәйкес №94 орта мектептің дефектологы **Алпысбай Гүлсая Жанабаевнаға** мектеп директорының 04.01.2021 №2 бұйрығына сәйкес берілген қолданыстағы педагог-модератор біліктілік санатының қолданылу мерзімі 2026 жылдың 31 тамызына дейін ұзартылсын.

Мектеп директоры:



[Handwritten signature]

А. Садиров